


**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Философия және саясаттану факультеті
Философия кафедрасы**



БЕКІТЕМІН
Факультет деканы
Б.Б. Мейірбаев

2024 ж. « ____ » _____

ПӘННІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ

**Ері3302 «Эпистемология»
«7В02201 – Философия**

Курсы – 3

Семестрі – 1

Кредиттер саны – 5

Алматы 2024 ж.

Бакалавр мамандығы бойынша «Эпистемология» пәнінің типтік оқу бағдарламасы және оқу жұмыс жоспарының негізінде құрастырылды.
Пәннің оқу-әдістемелік кешенін құрастырған А.А. филос.ғ.д. Аташ Берік Мұратұлы

Философия кафедрасының мәжілісінде қарастырылған және ұсынылған
2024 жылғы «29» Тамыз, №1 хаттама

Кафедра меңгерушісі А.А. (қолы) Ә.А. Құранбек

Алғы сөз

Курс мазмұны: философияның тарихи дамуы аясында эпистемологияның мазмұнын ғылыми философиялық негізде сипаттап, эпистемологияның ғылыми және философиялық әдістерін жіктеп, дүниетанымды философиялық ойлаудың ерекшелігін түсіну негізінде қалыптасқан табиғи және әлеуметтік әлемді философиялық зерттеудің нәтижесі ретінде негіздеу. Сонымен қатар, эпистемологиялық ғылыми дүниетанымның мазмұны мен ерекшеліктерін түсіндіру.

Курстың мақсаты: Эпистемологияны философияның негізгі мәселесі ретінде зерттеп, зерттеу нәтижелерін ұсыну және талқылау үшін кәсіби саладағы мәселелердің философиялық және аксиологиялық мазмұнын өз бетінше талдау.

Курстың міндеттері:

- Эпистемологияның негізгі категорияларына анықтама беру және эпистемологияны философияның тарихи дамуындағы маңызды кезеңдерді сипаттау;

- Маңызды эпистемологиялық теориялардың негізгі ережелерін атап көрсетіп, эпистемологиялық философияның негізгі мәселелерін сипаттау;

- эпистемологияның танып-білудің негізгі ғылыми және философиялық әдістерін анықтау және ақиқат пен білімнің арақатынасы мәселесін бағамдай отырып талдау;

- эпистемологиялық мәселелердің қазіргі таңдағы өзекті мәселелері туралы философиялық тұжырымдарды саралау мен сынау;

- білім беру мазмұны туралы қазіргі заманғы теорияларды меңгере отырып, ҚР білім беру философиясының өзекті мәселелерін талқылау.

Оқытудың нәтижелері:

- арнайы әдебиеттерден алынған түсініктемелерге негізделген философиялық мәтіндердің мазмұнын ашып көрсетіп,

- философиялық емес формалардың философиялық мазмұнын аша отырып,

- табиғат пен қоғам туралы философиялық тұжырымдамаларды сыни тұрғыдан талдау және бағалап,

- эпистемологиялық мәселелерін бағалауда философиялық талдау әдістемесін қолдануды практикада *пайдалана алуы тиіс*.